

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 16-апта**

Білім беру ұйымы: «Дән» бөбекжайы МКҚК  
 Топ: Әр түрлі жастағы «Қарлығаш» тобы  
 Балалардың жасы: 3,4.  
 Жоспардың құрылу кезеңі 15.12 -19.12.2025

Тәрбиешілер: Калымсеитова А.К., Оразғали Ә.М.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 15.12.2025	Сейсенбі	Сәрсенбі 17.12.2025	Бейсенбі 18.12.2025	Жұма 19.12.2025
Балаларды қабылдау	<p>«Адал азамат» бағдарламасы құндылық- «Бірлік болмай тірлік болмас»                      Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың еркін ойындары, күзгі ауа-райы, ойыншықтар, демалыс күндері, алдағы күн туралы сөйлесеміз, балалардың тілектерін тыңдаймыз. (сөйлеу белсенділігін дамыту-сұрақтарға жауап беру, басқалардың сөйлеуін есту және тыңдау қабілеті, коммуникативті, ойын әрекеті арқылы)                      Сөздік қоры: Сәлеметсіз бе, Сәлеметсіздер ме!</p>				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	<p>«Адал азамат» бағдарламасы «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Әнұраны                      Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райы, киінуі бойынша әңгімелесу. Баланың жағдайы, денсаулығы туралы, баланың үйдегі күн тәртібі туралы, тәрбиесі туралы, жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңі туралы сұрақтар бойынша ата-аналармен жеке әңгімелесу.</p>				
Ойындар: үстел үсті, саусақ, сөздік, дидактикалық. Еңбек қызметі (Менің Қазақстаным)	<p><b>Шаттық шеңбер.</b>                      (музыка-ойын әрекеті арқылы музыканың айтылу сипатына сәйкес музыкалық қозғалыстар жасау.)                      Арайлап бүгін атты күн,                      Шашты бүгін шапағын                      Тілейміз ақ таңның                      Қуанышын шаттығын.                      Қайырлы таң,                      Қайырлы таң!                      Қуанышты күн бүгін.                      Әңгімелесу: «Туған өлкем» (танымдық, ойын әрекеті арқылы қоршаған ортамен танысу)                      Міндеті: Балаларға туған өлке туралы түсінік беру.                      Балалардың тіл байлығын, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту. Туған елін, жерін сүюге тәрбиелеу.                      Сөздік қоры: туған жер, туған өлке.                      Апталық тақпақ: (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді)                      Менің елім Қазақстан                      Бар ғой онда бәрі де:                      Өзен де бар, көл де бар,</p>				

	<p>Орман да бар, тау да бар.  Еңбек: табиғат бұрышында, ойын бұрышында, шығармашылық бұрышында .  Мақсаты: табиғат бұрышындағы өсімдіктерге, балықтар мен тасбақаларға күтім жасауға көмектеседі, тәрбиешіге аквариумға күтім жасауда қолдан келгенше көмек көрсетеді, ойын бұрышында тәртіпті сақтайды және ойыншықтар жинауға көмектеседі.</p>				
Ертеңгілік жаттығу	№ 16 Таңғы жаттығу кешені (физикалық белсенділікті дамыту) "Көңілді жаттығу"				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою, тақпақ: (көркем әдебиет - өлеңнің мазмұнын түсінеді)  Сылдырлайды мөлдір су,  Мөлдір суға қолыңды жу.  Жуынсаң сен әрдайым,  Таза бетің, маңдайың. (көркем сөзін қолдану)  Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; әдептілікті сақтау;  Балалардың ұқыптылығын бағалау.  Сөздік қоры: Рақмет.</p>				
Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық	<p>Д.ойын:"Сөйлемді аяқта"  <b>Міндеті:</b> сөйлемдерді қарама-қарсы мағынадағы сөзбен толықтыруға үйрету, зейінін дамыту. (танымдық ойын әрекеті)</p>		<p>«Өз үйінді тап» ойыны.  <b>Міндеті:</b>Түстерді ажырата білуге үйрету.Әр үйшіктің өзі түсіне тән жапырақшаларын шапшаң тауып кіргізе білу қабілеттерін жетілдіру.Алғырлыққа, ептілікке тәрбиелеу. (шығармашылық, ойын әрекеті)</p>	<p>«Тазалықтың достарын ата» ойыны  <b>Міндеті:</b> тазалық бұйымдарын атау.Сүлгі, сабын сөздерін қатыстырып, 4-5 сөзден тұратын сөйлем құрастыра білуге үйрету. Балаларды таза жүруге үйрету. (танымдық,ойын әрекеті)</p>	<p>«Отбасы мүшелерін ата»ойыны.  <b>Міндеті:</b> Отбасы мүшелерін атау (ата, әже, әке, ана, іні, әпке, аға, сіңілі, қарындас, т.б.). Өз жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету. (шығармашылық,таным дық,ойын әрекеті)</p>
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p><b>Тіл дамыту, көркем әдебиет</b>  «Сықырлы қапшық» ойыны.  3 жас  <b>Міндеті:</b> зат есімдерді артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге</p>		<p><b>Дене шынықтыру</b> (дене тәрбиесі нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша)   <b>Математика негіздері</b>  1-ден 5-ке дейінгі сандар. ойыны.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> (дене тәрбиесі нұсқаушысының жұмыс жоспары бойынша)   <b>Математика негіздері</b>  0-ден 5-ке дейінгі сандар. Жиын. ойыны</p>	<p><b>Музыка</b>  «Ән салған кім?» ойыны.  3 жас  <b>Міндеті:</b> Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тындауға</p>

қолдану.  
Сөздік қоры:  
стол,орындық,диван  
4 жас  
**Міндеті:** Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз),заттардың орналасқан жерін (сол,оң, қатар, жанында, арасында), тұрмыстық электротехника заттарының сөздерімен байыту. Сөздік қоры: стол, диван шаңсорғыш, тоңазатқыш.

**Математика негіздері**  
«Не өзгерді» ойыны.  
3 жас  
**Міндеті:**Кеңістікті бағдарлау, алдында-артында.  
Сөздік қоры: алдында-артында.  
4 жас  
**Міндеті:** Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен

3 жас  
**Міндеті:** Сан, олардың біреуін бөліп көрсету.  
Сөздік қоры: аз, көп.  
4 жас  
**Міндеті:**5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету.  
Сөздік қоры: бір,екі,үш,төрт,бес.

**Тіл дамыту, көркем әдебиет,қазақ тілі**  
«Менің Отбасым» ойыны  
3 жас  
**Міндеті:** Балалармен кейіпкерлердің әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау.  
Сөздік қоры: Отбасы  
4 жас  
**Міндеті:** Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға,

3 жас  
**Міндеті:** Ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.  
Сөздік қоры: дөңгелек,үшбұрыш  
4 жас  
**Міндеті:** Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.  
Сөздік қоры:сары үшбұрыш,қызыл дөңгелек  
**Тіл дамыту, көркем әдебиет**  
"Табиғатта не болып жатыр?" ойыны.  
3 жас  
**Міндеті:** Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.  
Сөздік қоры: ақ-қар.  
4 жас  
**Міндеті:** Сөйлемдегі

үйрету.  
Сөздік қоры: ән,музыка  
4 жас  
**Міндеті:** Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға,музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету.  
Сөздік қоры: ән,музыка

**Математика негіздері**  
«Көршісін тап» ойыны.  
3 жас  
**Міндеті:** Сан. Олардың біреуін бөліп көрсету.  
Сөздік қоры: бір,екі,үш  
4 жас  
**Міндеті:** Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру.  
Сөздік қоры: бір,екі,үш,төрт,бес.  
**Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет:**  
«Ақшақар» ойыны.  
3 жас  
**Міндеті:** Балалармен кейіпкерлердің

	<p>солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Сөздік қоры: алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен.</p> <p><b>Қоршаған әлеммен таныстыру.</b> «Бір түсті таңда да, жауап бер» ойыны. 3 жас <b>Міндеті:</b> Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Сөздік қоры: 4 жас «Көліктерді ажырат, түсімен орналастыр» <b>Міндеті:</b> әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу. Сөздік қоры: көлік, жүк мәшине</p>		<p>көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Сөздік қоры: Отбасы <b>Қазақ тілі</b> «Бұл кім?» <b>Міндеті:</b>ортақ тақырыпта әңгімелесуге баулу. 4 жас «Суретке ат қойып, дыбысты тап» <b>Міндеті:</b> қазақ тіліне тән ө, қ, ұ, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p>	<p>сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету. Сөздік қоры: ақ-қар, аққала</p>	<p>әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылау. Сөздік қоры: қоян, түлкі, қасқыр, аю. 4 жас <b>Міндеті:</b> Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Сөздік қоры: аю, түлкі, қасқыр, арыстан, піл, қоян.</p>
Серуенге дайындық №1	Серуен №16. Балаларда өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досына киінуге көмектесу). (еңбек ойын әрекеті)				

Серуен №1	<p><b>Кешен №16</b>  <b>Қара қарғаны бақылау</b>  Қарғалардың қысқы тіршілігін бақылау;  Басқа құстардан айырмашылығын табу. (сыртқы түрі, дауысы, жүрісі).  <b>Еңбек әрекеті:</b> Алаңды қардан тазалау.  <b>Мақсаты:</b> ұжыммен бірлесе жұмыс істеуге деген ықыласын тәрбиелеу  <b>Ұлттық ойын:</b> «Орамал тастамақ».  <b>Міндеті:</b> жүгіру жылдамдығын, ептілігін, қызығушылығын дамыту.</p>		<p><b>Кешен № 16</b>  <b>Торғайларды бақылау</b>  <b>Міндеті:</b>Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру;  құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.  <b>Еңбек әрекеті:</b>  Құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау.  <b>Міндеті:</b>еңбекке деген ықыластарын арттыру.  <b>Ұлттық ойын</b> «Көтермек».  <b>Міндеті:</b>ұшып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу.</p>	<p><b>Кешен №16</b>  <b>Аула тазалаушы еңбегін бақылау</b>  <b>Міндеті:</b>  Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру;  Сөздік қорларын байыту;  <b>Еңбек әрекеті:</b>  Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу.  <b>Мақсаты:</b> бірлесе жұмыс істеуге үйрету;  еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.  <b>Ұлттық ойын</b> «Орамал тастамақ»  <b>Міндеті:</b> жүгіруге жаттықтыру;  Ойын ережесін сақтай білулерін тиянақтау.</p>	<p><b>Кешен №16</b>  <b>Қардың түсуін бақылау</b>  <b>Міндеті:</b> Қардың түсуі туралы білімдерін молайту.  әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу.  <b>Еңбек әрекеті:</b> өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму.  <b>Міндеті:</b> бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту  <b>Ұлттық ойын:</b> «Көтермек».  <b>Міндеті:</b> тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету.</p>
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, шкафтарға салуы және қатарластарына көмек көрсетуі. Мәдени-гигиеналық дағдылар				
Түскі ас	<p><b>«Адал азамат» бағдарламасы . «Үнемді тұтыну»</b>  Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою)  Сылдырлайды мөлдір су,  Мөлдір суға қолыңды жу.  Жуынсаң сен әрдайым,  Таза бетің, маңдайың. (көркем сөзін қолдану)  Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері;  Балалардың ұқыптылығын бағалау.  Сөздік қоры: Рақмет.</p>				
Күндізгі ұйқы	<p><b>«Адал азамат» бағдарламасы.</b>  <b>Күй күмбірі</b> - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционалды қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру.  Балалардың тыныш ұйықтауы үшін қолайлы жағдайлар жасау, ертегі оқу немесе бесік жырын айту, ұйқыға арналған музыканы тыңдау. (ән тыңдау – шығармашылық әрекеті)</p>				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	<p>№ 16 кешен: Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету</p> <p>Қызыл – жасыл гүлі бар, Жұмсақтығы мамықтай. Сүртінесің жалықпай, Тазалықтың досы Сүлгі деген осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>				
Бесін ас	<p>Кезекшілердің жұмысы 4 жас (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу)</p> <p>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою)</p> <p>Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану)</p> <p>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: қолды жуу, сүлгі, ас болсын!</p>				
Балалардың дербес іс-әрекеті	<p><b>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру</b> Ойын: «Ақшақар» 3 жас <b>Міндеті:</b> Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. <b>Сөздік қоры:</b> шырша 4 жас <b>Міндеті:</b> Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру.</p>		<p><b>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру</b> Ойын: «Қазақ бұйымдарды әшекейлейміз» 3 жас <b>Міндеті:</b> Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру. <b>Сөздік қоры:</b> бұйымдар, әшекей 4 жас <b>Міндеті:</b> Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру,</p>	<p><b>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру</b> Ойын: Ұлттық ыдыстар 3 жас <b>Міндеті:</b> Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды үйрету. <b>Сөздік қоры:</b> сары, қызыл 4 жас <b>Міндеті:</b> Түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін</p>	<p><b>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру</b> Ойын: «Шыршаны безендіру» 3 жас <b>Міндеті:</b> Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. <b>Сөздік қоры:</b> стол, орындық, шырша 4 жас <b>Міндеті:</b> Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және</p>

	Сөздік қоры: ақшақар		пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Сөздік қоры: әшекей, сырға	бояуларды араластыру). Сөздік қоры: сары, жасыл, көк	орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Сөздік қоры: стол, орындық, шырша
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т. б. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)				
	3 жас 1. Амантай Әмина 2. Аманай Ансар 3. Аукен Жұлдыз 4. Байжуманова Назым 5. Жанар Аяулым 6. Жетписпай Алинұр Ойын: Киімдер Міндеті: мнemo кестемен жұмыс жасай отырып, балаларға киімдер туралы өз ойларын толық жеткізе алуға үйрету. (тіл дамыту-коммуникативтік қызмет)		4 жас 1. Даурен Рамина 2. Бейсенова Аружан 3. Мұқажан Нармина 4. Шаншархан Жангир 5. Мұқажан Нармина Ойын: «Досыма доп сыйлаймын» Міндеті: Балалар доп туралы біледі, дайын дөңгелек пішінді дұрыс бояй алуға үйрету. (сурет – шығармашылық қызмет)	3 жас 1. Қанат Мерген 2. Қайрат Муслим 3. Құрманбай Баймұрат 4. Марат Аяулым 5. Махсұт Тамерлан Ойын: «Өз үйіне орналастыр» Міндеті: жануар, құстарды өз мекеніне орналастыруға үйрету. (тіл дамыту коммуникативтік қызмет)	3 жас 1. Мұрат Дanelия 2. Нагметулла Асан 3. Серік Бахытжан 4. Серікбек Асылым 5. Талап Нарқыз Ойын: «Суретші қай жерде қателесті» Міндеті: Берілген суреттен қатені тауып, өз ойын айтуға дағдыландыру. (тіл дамыту коммуникативтік қызмет)
Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмысы	Тілге арналаған жаттығу: Ша-ша-ша, Жап жасыл шырша. Ар- ар-ар Қандай аппақ қар. Ыс-ыс ыс Келіп қалды қыс. Құрманбай Баймұрат Аманай Ансар		Тіл ұстарту жұмысын жүргізу. Ап-ап-ап Өз орныңды тап. Аш-аш-аш Ұстап алар қаш. Үр-үр-үр Аман-есен жүр. Құрманбай Баймұрат Аманай Ансар	«Айырмашылығын тап» ойыны. Міндеті: Балалар екі суреттің немесе заттың айырмашылығын табуға үйрету. Құрманбай Баймұрат Аманай Ансар	«Шыршаны безендір» ойыны. Міндеті: Заттың түсін ажырата отырып, орналастыру жолдарын түсіндіру. Құрманбай Баймұрат Аманай Ансар
Кешкі ас	Мәдени-гигиеналық дағдыларды дамыту, тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Үлкендерді құрметтеу және еңбектерін бағалауды үйрету.				

	<p>Өзіне қызмет көрсету дағдыларын, ұқыпты тамақтануды, асхана аспаптарын қолдануды жетілдіру.  Кезекшілік: кезекшілік бұрышындағы кесте бойынша. 4 жас  Тақпақ: (сөйлеуді дамыту – танымдық, шығармашылық әрекеті)  Жуын, жуын, жуынсақ,  Қандай жақсы, қуыршақ!  Әйтпегенде, бөпешім,  Кірлеп кеткен екенсің.  Қазір аппақ баласың,  Қуанады анашың.  Сөздік қоры: Ас болсын! Рақмет!</p>				
<b>№ 2 серуенге дайындық</b>	<p>Серуен №16. Балалар өзіне қызмет көрсету дағдысының дамуын жетілдіру (өз шкафтарынан киімдерін шығарып, киіну реттілігін сақтау, дұрыс киінуді үйрену және досыңа киінуге көмектесу) (физикалық белсенділігін дамыту)</p>				
<b>№ 2 серуен</b>	<p><b>Қоршаған әлеммен танысу (зерттеу ойын әрекеті)</b>  №1 серуенді бекіту  <b>Қимылды ойын:</b>  «Поезд»  <b>Міндеті:</b> Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын, бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру.  Сөздік қоры: киінеміз, жылы, асықпа, байқа</p>		<p><b>Қоршаған әлеммен танысу (зерттеу ойын әрекеті)</b>  №1 серуенді бекіту  <b>Қимылды ойын:</b>  «Көлеңке»  <b>Міндеті:</b> балалардың қимыл-қозғалыс, ойлау қабілетін дамыту  Сөздік қоры:  үстел,орындық, итерме</p>	<p><b>Қоршаған әлеммен танысу (зерттеу ойын әрекеті)</b>  №1 серуенді бекіту  <b>Қимылды ойын:</b>«Киіз үй»  <b>Міндеті:</b> балалардың есте сақтау қабілетін дамыта отырып, шапшандыққа үйрету.  Сөздік қоры:таласпа,билейік,ән айтамыз</p>	<p><b>Қоршаған әлеммен танысу (зерттеу ойын әрекеті)</b>  №1 серуенді бекіту  <b>Қимылды ойын:</b>  «Тақия тастамақ»  <b>Міндеті:</b> балалардың зейінің дамыта отырып,жылдамдыққа үйрету.  Сөздік қоры:жер,жел,суық</p>
<b>Балалардың үйлеріне қайтуы</b>	<p>«Адал азамат» бағдарламасы «Өнегелі 15 минут»  Ата-аналармен жұмыс: Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.  Сөздік қоры: Сау болыңыз,Сау болыңыздар!</p>				

Тексерілді: 15.12.2025 маңақ

кеңес бөлімі

Калачови Ю.Е